

Әуликөл ауылындағы көшелердің атауын өзгерту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл селосы әкімінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 желтоқсанда № 5229 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл селосы әкімінің 2015 жылғы 3 ақпандағы № 1 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Әуликөл селосы әкімінің 03.02.2015 № 1 шешімімен (қол қою күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы " Әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, Әуликөл ауылын тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастикалық комиссияның негізінде қорытындысы, Әуликөл ауылының әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Әуликөл ауылындағы Пролетарская көшесін Ерік Асанбаев атымен, Ленина көшесін Шақшақ Жәнібек батырдың атымен, Октябрьская көшесін Саржетім Қарабалуан батырдың атымен, Автомобилистов көшесін Астана атымен, Юбилейная көшесін Бәйтерек атымен, Жемелей көшесін Байқұлақ батырдың атымен, Северная көшесін Мұқаш Тойқожаұлының атымен атауларын **ө з г е р т у :**

2. Осы шешім оның бірінші ресми жария болған күннен күнтізбелік он күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Д. Қусайнов